

25 - қазан Республика күніне іс-шара

Республикам менің (Қазақстан еліне саяхат)

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюдөн басталатынын түсіндіру.

Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Көрнекілік: Қанатты сөздер ілу. Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу.

Құрметті оқушылар бұгін сіздердің назарларыңызға «Республикам менің» атты ауызша журнал өткізгелі отырмыз. Ауызша журнал деп - аты айтып тұрғандай, төрт беттен тұратын күні бұрын тақырып бойынша берілген тапсырмаларды көпшілікке жария ету.

Бұгінгі журнал 25 - қазан Республика күніне арналады.

Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін – Отан дейді. Әрбір адамда Отанға, туған жерге деген ыстық сезім, ұлken махабbat болады. Алысқа жолаушылап кетіп, туған жеріне оралған сәтте тауы да, тасы да саған ыстық болып тұрады. Адамзаттың парызы - туған Отаның гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

Ұлы ағартушы, халқымыздың рухани көсемі А. Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан өссін» деген еken. Біз сіздерге тек перzentіміз емес, еліміздің ертеңі, нұрлы болашағы деп қараймыз. Мұхаммед Пайғамбарымыз «Жастық шақта алған білім - тасқа ойылған нақыш» деген еken. Ендеше сендер бала кезден бастап терең білім менгеруге тиіссіңдер. Туған еліміздің биікке ұшар сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болындар дегім келеді.

Қазақ поэзиясының хас шебері Қ. Аманжолов «Не деген бақытты едің, келер ұрпақ» деп жырлағандай, сендер тәуелсіз елдің азаматысындар, сендерді мемлекеттік мереке Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын.

ӘНҰРАН

Елін, туған жерін сүйетін, елінің өткені мен бұгінін, тарихын тебірене де тереңдей оқып, тарихтың зерделі де шежірелі беттеріне үңілген ұландарымыз өздерінің жүректерінен шықсан ойларын ақ қағаз бетіне түсірген еken. Кезекті осы ұландарға берейік.

Журналдың бірінші беті «Елім менің» деп аталады.

Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып өзінің Елтаңбасын, Тұын, Әнұраның белгіледі.

Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір үрпақ терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

Мақтансаң мақтан елім деп,
Тани біл, елдік таңбаңды.
Елтаңба, Тұын, Әнұран -
Шырқатты биік арманды.
Тәуелсіздікке тән белгі -
Қасиетті осы рәміздер -
Еліме рух, мән берді,
Иесі оның – мына біздер.

Журналымыздың келесі бетін ашайық. Ол «Еліміздің нышандары» деп аталады.

Мемлекеттік ту - алтын күн алаулаған зеңгір көк аспан түстес. Сол зеңгір аспанның аясында баяу қалықтаған дала бүркіті. Арман арқалаған алтын бүркіт қазақтың қыран көңілін шырқау биікке алып шыққандай көрініс береді. Мемлекеттік туды даралайтын тағы да бір белгісі - оның сабына таяу тік тартылған ұлттық өрнекті қошқар мүйіз жолақ. Ол - көшпелі әлемнің, дарқан дал рухының тынысы. Ту ортасындағы алтын күн - халқымыздың нұр болып шапағатын шашып тұр. Алтын күнді қанатымен жебеп, өрге көтеріп, ұшып бара жатқан ақының қыран құс - ерліктің белгісі. Тұмызды қастерлеу - халқымызды қастерлеу.

Елтаңба - әлемде сирек кездесетін Елтаңба. Қазақ өмірінің ұлы белгісі шаңырақтан тараған. Таң шапағындағы уықтар арасындағы ай мүйізді, алтын қанатты ғажайып пырақтар халқымыздың болашаққа ұмтылған асқақ арманының бейнесіндей болып көрінеді. Қос пырақ ортақ шаңырақты қанатымен қорғап тұр. Қанат - асқақ арман нышаны. Ел белгісінде көк аспан, шаңырақ, жарық жүлдэз, қанатты тұлпар, бидай сабактары бейнеленген. Аспан көк - кеңшілік, тыныштық, биіктік белгісі. Мемлекеттік Әнұран - еліміздің музыкалық поэтикалық эмблемасы, әдеби сазды төл құжаты. Ол халық жүргегінің лүпілін тұмар ғып түйген музыкалық сәлем хат сынды.

1. 1992 жылы маусым айының 4 - інде қабылданған Қазақстан Республикасының нышандары - мемлекеттік тұнының авторы кім? (Суретші - Шәкен Ниязбеков)
2. «Қазақстан» дейтін Отан - Анамыздың Елтаңбасының авторы кім? (Сәулетші Жандарбек Мәлібеков және әйгілі суретші Шота - Аман Уәлиханов)
3. Әнұран авторын білесің бе? (Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов. Сөзін жазған Жұмекен Нәжімеденов және қосымша түзетілген нұсқау авторы Президентіміз Н. Ә. Назарбаев)

Қазақстан тұнғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев - достықтың, бірліктің, бауырмалдықтың туын берік үстап, Қазақстанды әлемге паш етіп отырған, ғасыр күесі болған тұлға. Қазақ топырағы киелі. Сонау зенгір көкпен таласып, Алатау баурайында Үшқоңыр биіктегі мен мұндалап қол бұлғайды. Қаскелең тауынан бастау алып, қар сұымен толысып, сай - салаға бөліне еркелей Шамалған өзені ағып жатыр. Осындай табиғаты тамылжыған өлкеде, жер жаннаты Жетісудың төскейінде, Шамалған ауылында болашақ тәуелсіз мемлекетіміздің тұнғыш Елбасы дүниеге келген. 1991 жылғы 1 желтоқсаннан Қазақстан Республикасының Президенті болып келеді.

Талай тағдыр тауқыметіне ұшырап, қазақ халқы бүгінгідей бақытқа қол жеткізу үшін қаншама қыын бұралаң жолдардан өтті десеңізші?! Қазақ елін, қазақ жерін білектің күшімен, алмас қылыш ұшымен, өткір тілімен, қасиетті қанымен қорғаған ұлы тұлғаларымыз тарихта аз емес. Осы тұлғаларды жас ұрпаққа таныту мақсатында журналдың келесі бетін «Еліміздің ұлы тұлғалары» деп атадық.

1. Ахмет Яссави - ақын, ойшыл, ұстаз, түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни ағартушы. «Диуани Хикмет» кітabyның авторы, дүние жинамай адамдарды азғындық жолынан сақтауда қызмет еткен адам, жаны таза болған.
2. Әз Жәнібек хан - қазақ халқының хандығын құрып, халықтың өз алдына еркін өмір сұруіне ат салысқан, жау қолында қалған қазақ жерін азат еткен.
3. Мұхаммед Хайдар Дулати - тарихшы, «Тарихи рашиди» атты еңбек жазған, қоғам қайраткері.
4. Төле, Қазыбек, Әйтеке - билеріміз, халықтың ұлттық бірлігін нығайтып, халықтығын сақтауға басшылық жасаған данышпан ақын, шешен, ойшыл гуманист көсемдер.
5. Абылай хан - халық мақтанышы, XVIII ғасырдағы бүкіл қазақ елін еркін билеген, елдің тұтастығын қамтамасыз еткен қайраткер, елші, мәмлекер.
6. Құрманғазы Сағыrbайұлы - қазақтың күйші, сазгері, домбырашы, халықтың аспаптық күй өнерінің классигі.
7. Шоқан Үәлиханов - терең ойлы, асқан зейінді, ғылымның әр тарапынан білімі бар, саяхатшы, зерттеуші, тарихшы, географ, этнограф, суретші, Шығысты зерттеуші, халқымыздың тұнғыш ғұлама ғалымы.
8. Абай Құнанбаев - ұлы ағартушы, ойшыл, ғұлама. «Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс», - деп Елбасымыз Н. Назарбаев айтқандай, Абай - жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің негізін салушы, қазақ халқының бас

ақыны.

Қазақ елі - көп ұлтты мемлекет. Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тату тәтті өмір сүріп жатыр. Бүгіндегі қазақ елі тек өз жерінде өмір сүріп жатқан қазақстандықтардың ғана емес, шет елдегі бірнеше мыңдаған қандастарымыздың да сағынып жетер туған елі, құшақ жайып қарсы алар туған Отан - анасы.

Бүгінгі ауызша журналдың соңғы беті: «Менің Отаным - Қазақстан» деп аталады.

(Үй тапсырмасы бойынша Қазақстан туралы өлең жолдарын оқу)
Мерейлі қазақ елінің Елбасы ел - жұртың, жұдьырықтай жүргегіне сыйғызып, қыран қанатының астына алып, барша жұрттың теңдігін, татулық пен тыныштықты сақтауды мақсат етіп, бүгінгі қазақ елін, осы дәрежеге жеткізді. Осындай халық қамын ойлаған азаматы бар қазақ елін бүгінде өлем таниды. Елімізде мәңгі тыныштық болсын! Сүйікті Отанымыз Азат Қазақстан мәңгі жайнай берсін, жарқырай берсін! Баршаңызға бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілей отырып, бүгінгі журналымыздың соңғы бетін жабамыз.

25 КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

1990 жылды 25 қазан - Қазақстандың
егемендігі мен тауелсіздігінің батыл
қадам жасалған күн.

ҚАЗАХСТАН
ДЕСТУБАЙЖАСЫЛЫҚ
ДЕЛЕТИК ТҮРІ

ҚАДАМ
ДЕСТУБАЙЖАСЫЛЫҚ
ДЕЛЕТИК ТҮРІ

«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәлімгері Қалдыбаева Айгерімнің 2022-2023 оқу жылы барысында атқарылған жұмыстары жайлы мәлімет

2022-2023 оқу жылы барысына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді.

Оқу жылы 1-қыркүйек Білім күні «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбында алғашқы қоңырау салатанатты жиыннымен басталды. Жиынды мектеп директоры А. Юсупова құттықтау сез сөйлеумен ашты. Ол бірінші сыныпқа қабылданған оқушыларды алғашқы мектеп табалдырығын аттаған қуанышты сәтпен құттықтады. Өткен оқу жылының жетістіктеріне тоқталды. Салтанатты жиынды тәрбиеші Әзімбек Ынтымақ жүргізді. Қазығұрт аудандық жергілікті полиция қызметкері аға инспектор Жұмабек Даурен Ильясұлы қонақта болды. Құттықтау сез сөйледі. Ұстаздар мен оқушылар Облыстық білім басқармасының Алғыс хаттарымен марарапатталды. Салтанатты мереке сынып сағаттарына ұласты.

«Жас ұлан» үйымының мүшелері мен мектеп оқушыларының белсенділері сайланды. Мектеп оқушыларының таңдауын ескеріп, ДТІЖО-ры акт залында жиналыс өткізіп, белсенді оқушылар таныстырылды. «Жас ұлан» үйымының арнайы тақтасында белсенділер фотосы ілінді. Тоқсанына бір рет «Жас ұлан» үйымы мүшелерімен жиналыстар жүргізіліп, хаттамалары толтырылды. Жоспарлы түрде сұқбаттар мен психологпен бірге тренингтер жүргізілді.

7-қыркүйек денсаулық күніне орай «Денсаулық фестивалі-2022» спорттық іс-шара өтілді. ДТІЖО-ры, дene шынықтыру пәнінің мұғалімі Омар Тілеуұлы құттықтау сез сөйлеп, іс-шараны ашты. «Спорт-денсаулық кепілі» спорттың адам өмірі мен денсаулығына пайдасы жайлы насиҳат айтты. 8-9 сынып оқушылары флешмоб биледі. Спорт нұсқаушысы Асылжан Жолмуханов дайыннады.

«Ақжұніс» қыздар үйымының жиналысы оқу жылы барысында жоспарлы түрде өз дәрежесінде өтілді. Эртүрлі тренингтер, сұқбаттар, кездесулер жүргізілді. Мектеп әкімшілігі әр жиналыста қатысып отырды, тығыз байланыста болды. Қыздар үйымының жетекшісі тәрбиеші Алия Сулейманова мен Перизат Ергешова жүргізді. Оқушылардан 9 а сынып оқушысы Інжү Юсупова Қыздар үйымының тәрайымы сайланды. Жаңадан келген қыздарға мектептің ішкі тәртібі түсіндірілді. Дәрігер Амирекурова Гүлдана жеке гигиенаға тоқталды. «Адам өзгерді ме заман ба?», «Өзін-өзі көпшілік ортада ұстая әдебі» тренингтері өтілді. «Бүгінгі бойжеткен ертеңгі ана» түсіндірме жұмысы жасалды. «Қызыға қырық үйден тиым» жаднамасы таратылды. Эртүрлі тақырыптарда өткен жиналыстарда міндетті түрде видероликтер көрсетіліп, сауалнамалар алынды.

«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тіл мерекесі өткізілді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Абдиева Лаззат пен Баубекова Перизат «Тіл тағдыры –ел тағдыры» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен мәнерлеп оқу сایысы өткізді. Қазақстан туралы бейнеролик көрсетілді, плакаттарға танымал ғалымдардың тіл туралы айтылған ойлары жазылған

сөздер ілінді. Тіл туралы ән орындаған оқушылар мен мәнерлеп оқу сайысының жеңімпаздары марапатталды.

«Кітабыңды құрметте, күтіп ұста кірлетпе» кітапханашылар Қадырова Ж. мен К. Тасполтаева жалпы оқушылардың оқулықтарды күтіп ұстасуын қадағалап, ұқыпты ұстасуды талап етті.

«Ұстаз ұлағатты есім» ұстаздар күні мерекесіне 9-сынып оқушыларымен ертеңгілік өткізілді. Оқушылар үш тілде ұстаздарға құттықтау тілектер жолдады. Гүл шоқтарын сыйлады. Мерекелік ертеңгілік акт залында «Ұстаз-ұлы тұлға» тақырыбындағы іс-шараға ұласты. Кешті мектеп директоры Айгул Юсупова құттықтау сөзбен ашты. 9а сынып жетекшісі Нұржамал Раимова мен 7 а сынып тәрбиешісі Алия Сулейманова үйымдастырыды. іс-шарада 7-9 сынып оқушылары ұстаз туралы өлеңдер оқып, ән айтып, би биледі. «Ұстаз-ұлы тұлға» атты сахналық көрініс қойды. 7 а сынып оқушылары «Менің сүйікті ұстазым» тақырыбында дайындаған интернат оқушыларынан алынған сұхбат бейнеролигі көрсетілді. «Бұл қай ұстаз?» ойыны өткізілді. іс-шараны ДТІЖО-ры Омар Салибеков пен оқу ісі жөніндегі орынбасары Амирбеков Ерлан қорытындылады.

«Алтын күз» мерекесінде топтық сайыс үйымдастырылды. Сайыстың шарты: 1. Таныстыру. 2. Өз өнері. 3. «Күзгі салат» жасау. 4. Дефиле. 1-4 сынып оқушылары арасында 4 а сынып оқушылары Бас жүлдені иемденді.

«Өз елімді өзек етем жырларыма» жас ақындардың жырларының шашуы кітапханада өткізілді. 8б сынып оқушысы Избасаров Ерасыл, 4б сынып оқушысы Избасаров Талант, 8а сынып оқушысы Амангелді Балнур, Абубакир Ақғұл, 8б сынып оқушысы Бексұлтан Әсем өздері жазған өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Избасаров Ерасылдың өлеңі таңдал алынып, өнер Фестиваліне қатыстырылды. Оқушылар марапатталды. Жас ақындар мұшайрасын қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ташқараева Шархия жүргізіп, қорытындылады.

«Біз елдің ертеңі», «Жас қыран» үйымына 3-сынып оқушыларына салтанатты турде қабылдау салатанатты жиын өтті. ДТІЖО-ры Омар Салибеков пен оқу ісі жөніндегі орынбасары Ерлан Амирбеков құттықтау сөз жолдады.

Медицина қызметкерлерімен жоспарлы түрдегі сұқбаттар, іс-шаралар өз дәрежесінде өтілді. 1-желтоқсан дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күніне видеороликтер көрсетілді. Оқушылар сұрақтарына дәрігер Г. Амирекулова мен медбиге А. Молдағалиева нақты жауаптар берді. Салауатты өмір салтын насиҳаттау мақсатында сұқбаттар жүргізді. Медбике Назарқұл Гүлнур өткізді. Өз жоспарларына сай оқушылармен әр түрлі ауру түрлеріне байланысты сынақхаттар алып, жаднамалар таратылды.

«Егемен елдің еңсесі биік» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен акт залында іс-шара өтілді. іс-шараны тәрбиеші Б. Урматова жүргізді. Патриоттық әндер орындалып, көріністер қойылды. Желтоқсан күәгерлері Назира Арыстанбекова мен Шолпан Юсупова арнайы тәрбиелік іс-шараға қонақ болды.

Жаңа жылдық шырша мерекесінде ұстазымыз Г.Суюндикованың кызы Балжан Нұрланқызы 1-4 сынып оқушыларына сыйлықтар жасап берді.Шымкент қаласынан аниматорлар алғы келіп оқушылармен әртүрлі ойындар үйимдастырып,балалар көзіндең қуанышқа бөледі.Мектеп асханасында Турдалиев Онгар мырзаның үйимдастыруымен 1-9 сынып оқушыларына сыйлықтар үлестіріп,концерттік бағдарламамен аяқталды.

1-4 сыныптар арасында және 5-7 сынып оқушыларына әр сыныптан 2 номерден дайындалып Шырша мерекесі өтті.Кешке 8-9 сынып оқушыларымен Балмаскарад өткізілді.Оқушылар мерекеге өте жақсы дайындалған,маскарадтық костюмдер киді.

Музыкалық нұсқауши Бақберген Бердімбетовпен бірге «КТК» сайысы өткізілді.Жоғары сынып оқушылары белсенді өте үлкен дайындықпен қатысты.Жеңімпаз оқушылар марапатталды.

Ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай «Қазақтың лирик ақыны Мұқағали» тақырыбында кітапқанада кітапхана шылар Ж.Қадырова мен К.Тасполтаева және әлеуметтік педагог Ш.Ташқараева мен қамқорлықтағы оқушылармен,қызын қынға бейім оқушылармен мәнерлеп оқу өткізілді.Мұқағали кітаптарынан көрме жасалды.Кітаптары оқушыларға таныстырылды.Мәнерлеп оқу сайысының жеңімпаздары марапатталды.

«Мен өнерді сүйемін » музыкалық нұсқауши Бақберген Бердімбетовпен және музыка пәнінің мұғалімі Фарида Наурызбаева мен бірге патриоттық әндер байқауы өткізілді. Жеңімпаз оқушылар Хамидов Озодбек I-орын,Марқабай Нұргул II-орын, Оразбек Нұркелді III-орынды иемденді.Өнер фестиваліне іріктеліп алынды.

«Ана өмірімнің шуағы» концерттік бағдарлама өткізілді.Әлеуметтік педагог Ш.Ташқараевамен бірге өткізілді.Ана туралы әндер орындалып , билер биледі.8-9 сынып оқушылары «Ана махаббаты-сарқылмас күш» көлеңкелі көрініс қойылымын жасаса,4а сынып оқушылары «Ананың бір күні» көрінісін қойды.Кеш өте керемет етілді.

«Көктем аруы-2023» қыздар сайысы өтті. Шарты:Таныстыру,Өз өнері,Сұрақ жауаптар(бастауыштарға),қамыр жаю тәртібі(Жоғары сыныптарға)

Бастауыш сыныптар арасында Бас жүлдені 2а сынып оқушысы Айтбай Жанұя иеленді.Жоғары сыныптардан Бас жүлдені 8а сынып оқушысы Абубакир Ақгүл иеленді.Қатысушыларға марапаттар мен сыйлықтар тарту етілді.

«Ұлыс оң болсын-ақ мол болсын» Ұлыстың ұлы күні мерекелік іс-шара кең көлемде тойланды.Наурызға байланысты әндер орындалды ,көріністер қойылды. 9-сынып тәрбиешілері мен сынып жетекшілер үйимдастыруымен өткізілді. Дәстүрге байланысты көріністер қойылды.Ұлттық тағам түрлері мен қонақжайлышық тереңірек көрсетілді. Жоғары дәрежеде өтті.

«Береке басы бірлік» тақырыбындағы іс-шара жалпы мектеп оқушыларымен өтті.Мектеп алды фойе безендірілді.Әр түрлі ұлт өкілдерінің киімін киіп ,өнерлері мен салт-дәстүрлері,амандасу салты көрсетілді.

«Жігіт сұлтаны-2023» сайысы өтті.Шарты:Таныстыру,Өз өнері,Мақал-мәтелді жалғастыру
(бастауыштарға).Қол күресу, «Күш атасын танымас»кір тасын көтеру(жоғары
сыныптарға)

Әділқазылар шешімімен Бас жүлдені 4 а сынып оқушысы Ордабек Дінмұхамед иеленсе,I-
орынды 4 б сынып оқушысы Анваров Мейрамбек пен За сынып оқушысы Байдулла
Нұрасыл иемденді.II-орынды 3б сынып оқушысы Тасболат Нұрболат пен 2б сынып
оқушысы Борикулов Айсұлтан иеленді.III-орынды 1 сынып оқушысы Төлегенов
Марлен мен 2а сынып оқушысы Сейт Абылай иеленді.Ал,5-7 сыныптар арасынан Бас
жүлдені 7а сынып оқушысы Қошқар Жантөре иеленді.I-орынды 5б сынып оқушысы
Серікбай Нұрболат пен 6б сынып оқушысы Тасполта Нұрболат,II-орынды 5а сынып
оқушысы Уразалиев Атабек,III-орынды ба сынып оқушысы Каскаев Нұрсұлтан мен 7б
сынып оқушысы Әділбеков Нұрмұхаммед иеленіп марапатталды. Жоғары сыныптар
арасынан Бас жүлдені 8б сынып оқушысы Абдрахман Эльбек иеленсе,I-орынды 9б
сынып оқушысы Әлішерұлы Құдірет ,II-орынды 9а сынып оқушысы Сайрамбай
Нұрмұхамед ,III-орынды 8а сынып оқушысы Мыңжанов Мадияр
иеленді.Қатысушылардың барлығы да марапатталды.Сайысқа дайындаған
тәрбиешілер де марапатталды.Әлеуметтік педагог Ташқараева Шархия мен тәлімгер
Айгерім Қалдыбаева үйімдастырды.

«Ұлы ерлікке мың тағым » тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.Мерекеге орай «Ұлы
ерлікке мың тағым »тақырыбында Жеңіс лентасын тағу рәсімі болып өтті.Ұжымды
мерекемен құттықтап,көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Қош бол,алтын ұя мектебім!» соңғы қоңырау кеші өтті.Мектеп директоры А.Юсупова
құттықтау сөз сөйлеп,жыл бойы аудандық,облыстық республикалық байқауларда
жүлделі орын алған ұстаздар мен оқушыларды марапаттады.Бітіруші түлектердің
арнайы жасалған концепттік бағдарламасымен қорытындылады.Түлектерге сәт сапар
тіледі.

Жоспарлы түрде барлық іс-шаралар атқарылды.

Орындаған: тәлімгер Қалдыбаева Айгерім